

Н.Б.Абдрахынова^{1}*

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

*e-mail: nazgul.abdrakhynova@sdu.edu.kz

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫ (Ай мен Айша шығармасы бойынша)

Аннатація. Мақалада Ш.Мұртазаның шығармаларының тілі, жазушылық шеберлігі туралы сөз болады. «Ай мен Айша» романындағы жазушының тілдік түлғасын танытатын, тіл шеберлігін көрсететін тұстарынан үзінді ала отырып, талдау жасалынды. Шығармаларындағы кейіпкерін тілі арқылы кейіптеу тәсілі Ш.Мұртазаның соны жолы, ерекше қасиеті, өзіне тән шеберлігі. Мақалаға «Ай мен Айша» романындағы кейіпкерлер тіліне тоқтала отырып, жазушының ерекше тілдік түлғасын анықтағандай болдық. Жазушының тілдік түлға мәселесін тілдік, экстралингвистикалық (тарихи, мәдени, әлеуметтік, психологиялық) факторларды сабактастыра отырып, кешенді түрде талдап, тілдік түлға қалыптасуының тілтанымдық негізін анықтама берілді. Шығармадағы Айша бейнесі, өз сөзімен мінездеме берген Барсхан бейнесі қарым-қатынас тілі арқылы ашылады. Коммуникативтік байланыс мүшелері шығарманың негізгі қаһарманы мен реципиент оқырман.

Түйін сөздер: тілдік түлға, шеберлік, суреткер, кейіпкер тілі, өзіндік стиль, коммуникация.

Әлемдегі жансызға жан бітіріп, күш-жігер беріп, өзінің бойынан тамшы рух беріп, тірілту әрекеті - ана мен жазушының ғана қолынан келер шеберлік болса керек. Жазушыны әлемдегі аяулылардың қатарына қосу себебіміз де осы «жансызға жан бітіру» кереметінде. Әрбір шығарма жазушының көкірегінде пісіп, жетіле отыра, тілі арқылы жарыққа шығады. Әдемі де кестелі өрнектермен оқырман жүргегіне жол тартады.

Көңілдегі көрікті ойын қағаз бетіне түсіруде әр жазушы өз стилін, өз ерекшелігін айқын таңбалайтыны анық. Сол таңбасы әр шығармасында мемнүндалап тұрады. Әдебиет көкжиегінде әлдеқашан таңы атып, өз оқырмандарын қалыптастырып, қолтаңбасының «кодын» айқындал тастаған марғасқа жазушыларымыз аз емес. Олардың қатарына М.Әуезов, Ә.Кекілбаев, Ш.Айтматов, Ш.Мұртаза, Т.Әлімқұловты жатқыза аламыз.

Дегенмен, әр істің өз иесі бар дегендей, әр құдірет пен керемет бар жан иесіне тиісті емес. Әр жазушының жеткізу шеберлігі әртүрлі. Сөз сиқырына елтіп кетен оқырман шығармандың ішіне бойлап отырып, әр қиганы өз көзімен өткеріп отырары белгілі. Осы бір керемет әсерге қайта бойлағысы келіп, «өз жазушысын» іздеп жүріп, жаңа туындысын тауып оқи береді, оқи береді. Сондай бір ерекше қасиетке ие жазушының бірі Шерхан Мұртаза туралы сөз қозгамақпыз.

Халқымыздың басынан өткізген небір зұлмат жылдарын кейінгі оқырман санасына «тайға таңба басқандай» етіп анық, әсерлі жеткізе алатын қарымды жазушы. Ондай шығармалары «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді», «Жусан исі», «Жабайы алма», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Ай мен Айша», «Интернат наны» т.б. жазушының өз өмірін сипаттағанымен, еліміздің басынан өткізген ауыртпашилыққа толы тағдырын суреттеді..

Шерхан Мұртаза туралы К.Мұхамеджанов сөзі: «Түгелдей алғанда, Ш. Мұртаза туындылары қазақ халқының көркем әдебиетінің өркендең өсу жолындағы баға жетпес зор табыс болды. [1]

Кейіпкер бейнесін келтіруде, тілдік тұлғасын қалыптастыруда сан қырлы әдіс-тәсілдерді қолданады. Осындай шеберлік жағынан Ш. Мұртазага тең келер жазушы санаулы. Ол айырықша қасиетті «Ай мен Айша » романы арқылы талдап көрер болсақ:

«Тарпаң тағдыр табанына адамды бір салмасын. Бір салса, тас керен болп, айқайласаң да, арызынды есітпейді» . Мұндағы «тарпаң тағдыр»- (Тарпаң сөзі-В.В.Радловтың көрсетуінше, қазақ тілінде жабайы жылқының атауы) жабайы жылқыдай асау, әр қындықты бір көрсеткен асау тағдыр мағынасында болса, «Айша кейде осындаи. Мейірімі түседі» тіркестерде Айша мінезінің жалпы қатты екендігі сезіледі. Оны екінші сөйлем анғартып тұр. Мейірімі түседі, кейде деген сөздер бір-бірінің мағыналас синонимдері.

«Мұндай қоюсар ауаны үзіп-жұлқып жұтпай, сіміре берукерек саумал қымыз сияқты. Ауаны сіміру- тілдік қолданыс жағынан да, биологиялық қасиеті жағынан да теріс үфым. Бірақ ауаны толықтай, көкіректі кере-қарыс ашып, жұтына дем алу деген үфымды келістіре беріп отыр.

Жалпы Ш.Мұртаза өз кейіпкерлерін суреттеуде де алдына жан салмайтын шебер суреткөр.

Сонда менің көз алдыма Шоңқара дірмені келді. Оның айдын сүйнде неміс дірменшінің үйрек-қаздары қаптап жүреді. Ауласында тұмсығы салбыраган түйетауықтар... шыңғырган торайлар, қорсылдаған мегежіндер...

Бұл үзіндідегі «неміс дірменшіні» автордың жақтырмалан

көзқарасы білініп тұр. Кейде шығарма авторы кейіпкер тілі арқылы ғана емес, өз сөзіарқылы да көзқарасын білдіріп қояды. «Үйрек-қаздары қаптап жүреді.» Жалпы ұнататын нәрсеге, жан иесіне немесе жағымды кейіпкерге «қаптап» сөзі қолданылмайды, Қаптап сөзі-әрдайым жағымсыз пікірді білдіреді (Қаптап келеді, қаптап кетті, қаптаған жұрт). Осы жағымсызыз пікірін «тұмсығы салбыраған, қорсылдаған т.б.» сөздері арқылы да көрсетіп алады. Жазушының айқындауыш тәсілі арқылы оқырманға неміс ділірменшісі жағымды адам болып көріне қоймайтынын байқаймыз..

«Ал мұнда болса, еki-үш тауық жем таба алмай шұрқырайды. Қазақтың тауығына дейін ебедейсіз бе...».

Бұл бөліктегі қазақ халқының еншісіне тиген мінез - ебедейсіздік дей отыра, келесі бөлік арқылы момын да баяу халқына деген махаббаты қосыла өріледі. Құрт, құмырсқа, жәндік жеу халқымызда жоқ қасиет екендігін іштей сүйсіне баяндайды.

Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да сол, соры да сол.

Романға нәр берген бір жетістік – ұлттық характерге мән беру. Қазақ халқына ғана тән ұлттық ерекшеліктер жазушы кейіпкерлерінің бойынан көптең кездеседі. Жазушы сол кейіпкерлеріне тіл бітіре, коммуникативтік әрекеті арқылы әдемі де жан-жақты көрсете алады. Кейіпкер тілінің жатықтығы сонша, сіз кейіпкердің бүкіл болмысын сезіне аласыз.

Жазушының өзінің қолтаңбасын қалдырған, өзіндік стилін қалыптастыруда үлесін қосқан айырықша белгісі-әрекеттерді, сипатты қарама-қарсы қою. Ақ пен қараны, зұлымдық пен жақсылықты, әділдік пен әділетсіздікті қатар қоя отырып, бірінен бірінің артығырақ екендігін ашатысады.

Мысалы, «Дүниенің жаратылышында жазық жоқ, мүкісі жоқ. Дүниені ғұлдіретін – өзіміз. Ең ақылды жаратылған жан – ол адам. Ақылды азапқа айналдырған да – адам. Жаратылышта жазық жоқ». Мұндағы, Дүниені ғұлдіретін өзіміз деп, табиғаттың жалғыз жауы-адамзат дей отыра, адамды ең ақылды жаратылған жан дейді. «Адам бейшараңы қуанту үшін көп нәрсе де керек емес еken гой. Қөңіл жесте, бәрі жестеді еken гой» дейді. Яғни, өзі жаратылған жаратылышқа зұлымдық жасаушы адам дей келе, жаратқанның ең бір сәтті шыққан жаратылышы адам екендігін және оның ақылды екендігін айтады.

«Бейшара»-адам ойын білдірудегі орнымен қолданылған сөзі.

Халқымызда жақсы көрген, аяушылық танытқысы келген адамды бейшара, байғұс дейтіні бар. Жазушы да «адам бейшара» қанша табиғатқа залалын тигізуі болса да, ең ақылды жаратылыш және оған керегі бір-бірімен жылы қарым-қатынас қана болса болды, артық

ештеме керек емес дейді. Жазушы кейіпкер мінезін сөз арқылы бере отырып, кейде өз сөзімен айқындалап та қояды.

Сонда Жолдасбек:

– *Ағай, басқа планетада адамдар бар ма? – деп әңгіменің арнасын басқа сайга бұрып жіберді. Қу ғой.*

Егер, «Қу ғой» деген тіркес қосылмаған болса, оқырман Жолдасбекті адал, аңқау, әлі ойлау қабілеті толық жетілмеген бала деп қабылдауы мүмкін еді. Басқа планетада адам бар, жоғын сұрауы әңгіменің арнасын басқа жаққа бұрғысы келуінде. Бұл да кейіпкерді кейіптеу шеберлігі.

Бұл үзіндіде адамдарды диалогке кіргізе, тілдестіре отырып, жалпы адамзаттың қиялын, ойында жүрген сұрағын баса танытады. Адамдардың миында болуы мүмкін сұрағына жауап беруде кейіпкерін қолданады.

Жазушының тағы бір тілдік ерекшелігінің бірі- сөйлемдерде когеренттіліктің жиқездесуі. Тілдік тірлік сөйлемдерде жақсы сақталады. Жазушы бірінші сөйлемде айқындаласа, екінші және үшінші сөйлемдерімен нақтайды. Оған дәлел:

«*Tіrmізік екенмін. Қасқырдың тарамысынан жаралғандай тырмысыпәлі тірі жүріп келемін...*»

«*Балалық шығар. Таласбай бұлақтың суындағы көкқасқа бақаларды садақпен атып, таспен ұрып, талайын өлтіріп ек*»

«*Нәметқұл оқыса, зор ғалым болар еди. Темірден неше түрлі құрал шығарады*»

Бұл сөйлемдердегі айқындауыш бөлік- «Тірмізік екенмін», «Балалық шығар», «Темірден неше түрлі құрал шығарады», ал анықтауыш бөлім екінші бөліктері. Айқындауыш мүше не алдыңғы, не артқы бөлігінде кездесе береді.

Шығармада жиі кездескен тағы бір ерекше көңіл бөлерлік нәрсе-сол уақытта жиі қолданған, бірақ қазіргі уақытта (шығарманың жазылған уақытында) тұрмыста, өмірде қолдана бермейтін кейір сөздердің мағынасын ашып, түсінік бере кету.

«*Әуіт дегеніңіз – кәдімгі бөгет*».

«*Желдің аты – Алтынқүрек. Адамдарды қан қақсатқан, ызгарлы суықпен сүйегін сырқыратқан дүлей диу сияқты сиықсыз қысты бір түнде жайратып салатын Алтынқүрек. Қарды гана ысырмай, адамдардың еңесін езген қайғы-мұңды да аришығысы кеп, уайымыңды жеңілдететін Алтынқүрек*».

«*Айтпақшы, сол күні Наурызкөк келді.*

Наурызкөк – моп-момақан. Екі көзі моншақтай қап-қара, көгілдір аспан

Шығарманы оқу барысында оқырман қандай да бір сөздердің мағынасын түсінбей қалмайды, түсіндірме сөздік іздең кетпейді, автор өзі қолданған сөздің мағынасын келесі сөйлемінде ашып, талдан береді. Ш.Мұртазаның қай шығармасын алсаңыз да, осы қасиет сақталады. Жазушының өзіндік қолтаңбасы, тілдік тұлғасы анық, айқын көрініп тұрады.

Мінеки, жазушының шеберлігі, басқаларға ұқсамайтын ерекшелігі осында жатыр. Шығармаларындағы тілінің жатықтығымен қоса, жазушылық байқампаздығы мен шеберлігі бір-бірімен аса бір ұқыптылықпен өріліп, жан жағы жинақы, шашауы шықпаған толық, біртұтас қалпында көз алдымызға келе қояды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ш.Мұртаза «Ай мен Айша»роман-дилогия. Қарағанды-2021, Qasym баспа үйі. 235 бет.
- 2 Қазақстан ұлттық энциклопедия. 8-том.
- 3 Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» Алматы, 2014. 215 бет.
- 4 Л.Омарқұлова, А.Рединская «Ш.Мұртаза шығармасындағы Айша бейнесі» мақала. Арыс баспасы. 2018 ж. 12 бет.

References

1. Ş.Mürtaza «Ai men Aığa»roman-dilogia. Qarağandy-2021, Qasymbaspa üii. 235 bet.
2. Qazaqstan ұлттық ensiklopedia. 8-tom.
3. R.Syzdyq «Sözder söileidi» Almaty, 2014. 215 bet.
4. L.Omarqulova, A.Redinskaia «Ş.Mürtaza şygarmasyndağı Aığa beinesi» maqala. Arys baspasy. 2018 j. 12 bet.

N. Abdrakhynova¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: nazgul.abdrakhynova@sdu.edu.kz

LINGUISTIC CHARACTERISTICS OF SHERHAN MURTAZA'S WORKS (BASED ON LUNA AND AISHA)

Abstract. The article talks about the language of the works of Sh. Murtaza, his writing skills. Taking excerpts from the novel "Ai and Aisha", which show

the linguistic personality and linguistic abilities of the writer, an analysis was made. Sh.Murtaza's way of characterizing his characters through his own language is a unique feature, his own mastery. Focusing in the article on the language of the characters in the novel "Ai and Aisha", we kind of revealed the unique linguistic personality of the writer. The problem of the writer's linguistic personality was analyzed comprehensively, combining linguistic and extralinguistic (historical, cultural, social, psychological) factors, and the linguistic basis for the formation of a linguistic personality was determined. The image of Aisha in the work, the image of Barskhan, described in her own words, is revealed through the language of communication. The participants of communicative communication are the protagonist of the work and the reader-recipient.

Keywords: language personality, mastery, artist, character language.

Н.Б.Абдрахынова¹

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

*e-mail: nazgul.abdrakhynova@sdu.edu.kz

ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПРОИЗВЕДЕНИЙ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ (по мотивам Луна и Аиша)

Аннотация. В статье говорится о языке произведений Ш.Муртазы, его писательском мастерстве. Взяв отрывки из романа «Ай и Аиша», которые показывают языковую личность и языковые способности писателя, был сделан анализ. Способ Ш.Муртазы характеризовать своих персонажей через свой язык – это уникальная черта, его собственное мастерство. Сосредоточившись в статье на языке персонажей романа «Ай и Аиша», мы как бы выявили уникальную языковую личность писателя. Проблема языковой личности писателя анализировалась комплексно, сочетая языковые и экстралингвистические (исторические, культурные, социальные, психологические) факторы, определялась языковая основа формирования языковой личности. Образ Аиши в произведении, образ Барсхана, описанный ее собственными словами, раскрывается через язык общения. Участниками коммуникативного общения являются главный герой произведения и читатель-реципиент.

Ключевые слова: языковая личность, мастерство, художник, язык персонажа.